

АҚМЕШІТ жастары

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.



Магжан

№ 30 (463)
28 шілде, 2022 жыл

БІЛІМ ГРАНТЫ: КІМГЕ? ҚАШАН? ҚАЛАЙ?

Жуырда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасын жүзеге асыру аясында гранттар мен шәкіртақылар беруге конкурс жарияланды. Аталған бағдарлама 2022-2023 оқу жылында жүзеге асырылады. Жастардың білім алуына мүмкіндік ұсынған бағдарлама жайлы жауапты мамандардан толығырақ білуге тырыстық.



«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының шәкіртақысын иелену үшін үміткерлер өзі таңдаған жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына 10-17 тамыз аралығында өтінім береді. Мәселен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қабылдау комиссиясына келіп өтінім беруі тиіс. Осы орайда ескеру керек маңызды жайт, үміткер өтінімді өз бетінше береді және осы үдеріс үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Бұл ретте ҰБТ-ға қойылатын талаптар жыл сайын өзгеруі мүмкін екенін ескеріп, қабылдаушы жоғары оқу орнынан алдын ала нақтылауы қажет.

Сондай-ақ, «Қазақстан халқына» қоры ақылы бөлімде оқытын студенттерге де білім грантын беруге конкурс жариялайды. Конкурсант өткен студенттерге қордың қаражаты есебінен оқуын жалғастыруға, шәкіртақы алуға мүмкіндік беріледі. Айта кетейік, үміткер студенттер өзінің 1-15 тамыз аралығында «Taiburyl» ҚБ-нің taiburyl.kz сайтына онлайн-өтінім береді. Осы орайда бағдарламаға қатысты басқа да маңызды сауалдарға жеке-жеке тоқталуды жөн көрдік.

Бағдарламаға кімдер қатыса алады?

- мүмкіндігі шектеулі, мүгедектігі бар студенттер;
- жетім бала санатына жататын және көмектестік жасақ дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер;
- ауылдық жердегі жағдайы төмен отбасылардан шыққан студенттер;
- толық емес отбасыдан шыққан студенттер;
- 1 және 2 топтағы мүгедек балаларды тәрбиелеп жүрген отбасыдан шыққан студенттер;
- ата-анасы немесе ата-анасының бірі 1 және 2 топ мүгедектігі бар студенттер.

– **Оқу құны бойынша шектеме бар ма?**
– Шәкіртақы төленетін грант бағдарламаның аясында шарт жасалған сәттен бастап бакалавриат бағдарламалары бойынша толық оқу кезеңін қамтиды. Оқу құны бойынша шектеме әрбір грант алушы студент үшін 1 млн теңге мөлшерін құрайды, егер студенттің жылдық оқуының құны 1 млн

теңгеден артық болса, онда 1 млн теңгеден асатын айырмашылықты грант алушы студенттің өзі төлеуі тиіс.

Грант алушылардың қордың алдында қандай да бір міндеттемелері бар ма?

– Қор бөлетін гранттар өтеусіз көмек болып табылады. Сондықтан талапкерге берілген қаржы қайтарылмайды және грант алушы оқуын аяқтағаннан кейін оның оқуына жұмсалған қаражатты «өтеуге» міндетті емес.

Грант беру туралы кесімді шешімді кім қабылдайды?

– Ағымдағы оқу жылында түлектердің арасынан үміткерлерді іріктеуді білім беру гранттары жүзеге асыру аясында ЖЖОҚБҰ (университеттер) жанында әрекет ететін қабылдау комиссиясы немесе кез келген басқа комиссия жүзеге асырады. Яғни, түпкілікті шешімді ЖЖОҚБҰ жанындағы комиссия қабылдайды. Қорға қабылдау комиссиясының отырысындағы хаттаманың көшірмесі және іріктеуден өткен үміткерлердің тізімі беріледі.

«Қазақстан халқына» қорының грантына үміткер басқа бағдарламаға қатыса ала ма? Не болмаса мемлекеттік грантқа үміткер бола ала ма?

– Иә, үміткер мемлекеттік грант берілетін конкурсқа қатыса алады, себебі «Қазақстан халқына» қорының грантын алуға қатысты өтінім республикалық конкурстық комиссия республикалық бюджеттен білім беру гранттарын беру конкурсын өткізгеннен кейін беріледі, яғни грантқа өтінім 10 тамыздан бастап 17 тамыз аралығында (5 күн ішінде) қабылданады;

– конкурстарды өткізу мерзімдері бір-біріне сай болмаған жағдайда басқа бағдарламалар бойынша (жергілікті атқарушы органдардың гранттары және басқалары), конкурстарды өткізу мерзімдері сай болған жағдайда қандай да бір конкурстың пайдасына таңдау жасалады.

Гүлдана ЖҰМАДИН

Араларында автокөлікті автомат немесе механика деп бөліп-жармай, ерлер қауымынан жақсы басқаратындары бар. Кейде такси жүргізушілерінің арасынан бойжеткендерді кездестіретіміз жасырын емес. Арнайы мектептерде тәжірибе шыңдап жүргендер де жетерлік.

– Біздің орталық 18-65 жас аралығындағы адамдардың тәжірибе шыңдауына көмектеседі. Курсанттарымыздың арасында көлік айдауға құлшынысы бар, үйренгісі келетін нәзікжандылар көп. Бір топқа ең азы 5 адам, көбі 30 адам тіркелсе, соның 80 процентін нәзікжандылар құрайды, – дейді «ОТАН» оқу-өндірістік орталығының бөлім меңгерушісі Мәлдір Абиева.

Бұл орайда қаладағы «Ақжол» автосалының іс-жүргізушісі Нұрбек Алдияр мынадай пікір қосты. Оның айтуынша, орталықта адамдар саны мезгілге



байланысты қалыптасады. Қазір бір топта 15-20 адам оқиды екен. Бір топта 15 адам болса, оның 10-ы әйелдер қауымы.

Статистикадағы дерек те көлік тізіндегі нәзікжандылардың аз емесін байқатады. 2014 жылы Қазақстандағы әрбір бесінші жүргізуші – әйелдер және сол жылдың басынан бастап наурыз айына дейін 4000 әйел көлік жүргізуші куәлігін алған. Ал 2015 жылдың екі айында 27 мың адам куәлік алса, оның сегіз мыңын әйелдер құраған. Сол жылдан қалмай куәлігі бар әйелдер саны 10 мыңнан асқан.

Бергі жылдарға келсек, өткен жылы Қызылорда бойынша көлік жүргізу куәлігін алуға 3219 адам өтінім берген. Оның 2513-і ер адам болса, 706-сы әйелдер қауымы. Ал биылғы жылдың 1-жартыжылдығында өтінім бергендердің жалпы саны – 3980, оның ішінде ер азаматтар – 3216, әйелдер қауымы – 764 адамды құрады.

Осыған қарап, бүгінгі күннің «ханшайымдары» төрт дөңгелекпен жақсы дос екенін түсінеміз. Орайлы сәтте дйттеген жерге қауіпсіз жету мәселесін айналып өтпеуді шештік. Әлеуметтік желідегі оқырмандардың арасында «Кім көлікті қауіпсіз жүргізеді?» деген сауалнама ұйымдастырдық. Оған 350-ге жуық адам қатысып, ой білдірді. Нәтижесінде әйелдер 42%, ал ерлер қауымы 58% дауыс жинады. Қорытынды – келіншектің көлік айдағанын құптамайтындар көп. Ал біз дұрысы мен бұрысын бағамдауды ойлы оқырманның еншісіне қалдыруды жөн таптық.

Әлия ТӘЖІБАЙ

АПТАП ҚАШАН БАСЫЛАДЫ?



Шілденің шілінгір ыстығы көпті әбігерге салғаны белгілі. Облыс аумағында күндіз сынап бағаны +45-ке көтеріліп, аптап ыстық мазаны алды. Әсіресе, жүрек қан тамыры ауруына шалдыққан адамдар үшін дерігерлер сақ болуға дабыл қақты. Өткен демалыс күндері күн тиіп ауырғандардың саны күрт көбейген. Мұндай ыстық алдағы күндері сақталуы мүмкін бе? Синоптиктердің болжамы қандай?

– Күннің қазіргі ыстығын аномалия дей алмаймыз. Дегенмен жоғары температура сақталып отыр. Тамыз айының 12-не дейін түнгі мезгілде 24-25 градус болса, күндіз 35-37, кей жерлерде 39 градусқа дейін көтеріледі. Мұндай ауа температурасы 2 аптаға дейін сақталады. Тамыздың ортасынан бастап күн райы салқындап, аздап ала бұлтты болады. 3-тамызда күн күркіреп, несерлі жауын жаууы мүмкін, – деді жауапты мамандар.

Күннің ысығаны науқа адамдар үшін оңай соқпайтыны анық. Өткен аптаның ыстығында облыстық жедел жәрдем бекетіне бір күн ішінде мыңнан аса қоңырау түскен. Оның ішінде дерігер көмегіне жүгінгендер баршылық. Дерігерлердің айтуынша, күн көзінде көп жүрсеңіз немесе қапырық ауада қалып қойсаңыз, күн өтуі әбден мүмкін.



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасы бойынша, Қазақстан ана өлім-жітімі санынан әлемде 42-орында, ал бала өлімі бойынша 79-орында екен. Сөнбеске амал жоқ. Себебі облыста жыл басынан бері 3 ана өлімі тіркелген. Өткен жылы 10 ана, 2020 жылы 12 ана дүние салған.

Сонымен мұндай олқылықтың себебі мен салдары қандай? Денсаулық сақтау саласына еселеп қаржы бөлініп, медициналық мекемелерге заманауи құрал-жабдықтар сатып алынғанымен көрсеткіш оңалмай келеді. Бірі маман біліктілігін қолға алу керек десе, тағы бірі мәселенің мәнін техникалық база мен аналардың сапарттығынан іздейді. Соңғы нұсқаның орынсыз екенін жақында облыс әкімі ескертіп, жағдайға жаңа көзқарас пен шешім

Соңғы жылдары ТМД елдерінің ішінде сәби өлімінің тіркелуі бойынша Қазақстан алдыңғы қатарда. Дерек те әрқилы. Мысалы, елде сәбидің дүниеге келу дерегі артқанымен олардың шетінеп кету көрсеткіші көбейген. Демографиялық ахуалдың күрделенуі, халық санына да бұл фактордың әсері мол. Не де болса екі ұшты пікір ойға оралады. Алғашқысы жеткілікті маманның біліктілік жайы, соңғысы аналардың немқұрайлы ерекеті. Олай дейтініміз, сала мамандарының білік-білімі үнемі дамуды қажет етсе, аналардың тұрақты тексерістен өтпей, денсаулыққа салғырт қарауы бала жағдайын нашарлатуға әкелуде. Өйткенмен, мәселе тым күрделі деуге де келмес. Мәселен, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен саластырғанда бүгінде ана өлімі 5 есе, бала өлімі 3

Жүкті әйелдерді уақытында есепке қою және



Мен перинаталдық қызметтің жай-күйін тексеруге тапсырма бердім. Оның қорытындысы бойынша тиісті шаралар қабылдануы керек еді. Бірақ барлық жұмыс аудит деңгейінде тоқтап қалды», – деді.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазіргі перзентхананың көбі халықаралық стандарттарға сай емес. Сондықтан шұғыл шаралар қабылдап, осы мәселені шешу күн тәртібінде. Себебі баланың шетінеуі мен ананың бала үстінен қаза табуының артуы – әлеуметтік ахуалы төмен, экономикасы осал елдерге тән құбылыс. Бұл ретте Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният жақында заманауи талаптарға сай перинаталдық орталықтар салынып, елдегі бүкіл перзентхана күрделі жөндеуден өтетінін хабарлады.

Министрдің айтуынша, кейінгі 10 жылда бала өлімінің көрсеткіші құбылып тұр. 2014-2015 жылдары күрт өсу тіркелген. Одан кейінгі 2 жылда қайта бәсеңдеп, 2019 жылы қайта өсім пайда болды. Бұл бірінші кезекте аналардың денсаулығына байланысты.

«Бұл бағытта не істеліп жатыр? Біздегі перзентханалардың, перинаталдық орталықтардың көбі өткен ғасырда салынған. Олардың материалдық-техникалық базасы баяғыда ескіріп кеткен. Шала және аурумен туған нәрестелерді бұл нысандарда емдеп, ұстауға тиісті жағдай жасалмаған. Нысандар халықаралық стандарттарға сай келмейді.

Президенттің қолдауымен, тапсырмасымен Үкімет жаңа перинаталдық орталықтардың құрылысын жоспарлайтын болды. Сондай-ақ, бүкіл перзентханаларда күрделі жөндеу жүргізіледі», – деп түйіндеді Ажар Ғиният.

Ерсін ШАМШАДИН

АНА МЕН БАЛА ӨЛІМІ

Бүгінде ана мен бала өлімінің көрсеткіші көңіл көншітпей тұр. Перзентханаға үмітпен кірген көй ана өкінішпен үйге оралатын жағдайды кезіктіреміз. Осы орайда шырылдап дүние есігін ашқан шақалақ пен ана жағдайын бүгінгі денсаулық сақтау ісінің осалдығына балайтындар да бар. Не де болса, соңғы жылдары аталған мәселе аймақта ғана емес, республика көлемінде бас ауруға айналды.

қажетін нақтылаған еді. Денсаулық сақтау мәселесі сараланған алқа отырысында облыс әкімі:

«Тіркелген ана мен бала өлімі көрсеткішін тек табиғи факторларға, материалдық-техникалық базаға сілтеудің қажеті жоқ. Әрбір өлім-жітім – бір отбасының тағдыры, қасіреті. Бұл ретте қысқа мерзімде көтерілген мәселе бойынша шұғыл және пәрменді шаралар қабылдауымыз қажет», – деді.

Негізінен, бұл кеше-бүгін туындаған олқылық емес. Он жылдан астам өзекті мәселеге айналғаны бар. Жыл сайын заманауи технологияны қатарға қосқанмен нәтиже аз. Өткен ғасырда медициналық көмек пен денсаулық сақтау жүйесіндегі кемшілік ана мен бала өліміне араша түсе алмаса, қазіргі осалдықтың мәнін ұғу тым қиын. Маман жеткілікті, перзентханада орын бар, жоғары технологияның саны басым.

есеге азайған. Сондықтан елде де үміт басым.

Содан болар, жоғарыда айтқан алқа отырысында облыс әкімі мәселені шешу, көрсеткішті төмендету мақсатында кешенді іс-шаралар атқаруды тапсырды. Тіпті саланы сыңға алып, басқармаға мәселені шешетін жоспар әзірлеуге 10 күн уақыт берді.

«Облыстық денсаулық сақтау басқармасы 10 күн ішінде ана мен бала өлімін төмендету мақсатында сала мамандарымен және ғылыми қауымдастық өкілдерімен мәселені жан-жақты зерделеіп, кешенді жоспар әзірлеу керек. Сонымен қатар жүкті әйелдерге қауіп факторларымен және ауыр экстрагенитальды патологиямен кеңес беру үшін республика деңгейіндегі білікті мамандарды тарта отырып, консилиумдар ұйымдастыру қажет.

балаларға патронаж жасау жұмыстарын күшейтіп, әйелдер арасында жүктілікті жоспарлау бойынша түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізу қажет», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Бұл мәселе 17 шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында да қызу талқыланғанын айту керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Өкінішке қарай, сәбилердің өлімі көбейді. Ана өлімі де өсуде.

ҚАДІРЛІ ІСТІҢ ҚАДІРІ ҚАШТЫ МА?

Статистиканы сөйлетсек, жылына еліміздің 17 аймағында 2 мыңға жуық қайырымдылық шаралар ұйымдастырылса, оған 2 миллионнан астам адам белсенділік танытып, қаражат жинауға атсалысатын көрінеді. Қызылорда облысы 17 аймақтың арасында қайырымдылыққа белсенді атсалысатын өңірдің бірі екені анықталып отыр. Соның бір айғағы – шілдедегі шаралар.

21 шілдеде 7 мың көрерменді бір мезетте сыйдыратын F.Мұратбаев орталық стадионында ауқымды концерт ұйымдастырылды. Стадион лық толы болмаса да 3 мың көрермен Мірас Жүнісов, Қаракесек, Садраддин секілді жұлдыздарды тамашалауға келді. Шараның негізгі мақсаты – сырқаттанып жатқан балалардың өміне қаражат жинау. Шаһардағы

белсенді блогерлердің бастамасымен өткен концерт ұйымдастырушылардың ойындағыдай болмаған. – Блогер болған соң көмек сұрайтын мұқтаж азаматтар көп. Әлеуметтік желідегі парақшаларымызда хаттар



Мұқтаж жанға қамқорлық жасау – игі іс. Десек те қоғамда қайырымдылықтың аражігін ажырату қиын мәселеге айналды. Оның бір дәлелі – дүкендегі садақа жәшігі. Қала орталығындағы кез келген сауда орындарын жағалай қалсақ, әрбірінен тізбектелген жәшіктерді кезіктіреміз. Одан бөлек «науқастардың өміне» деген желеумен ақылы шаралардың саны да бүгінде күрт өскен. Қамқорлықпен жасалған істің нәтижесі түп-төркініне жетсе құба-құп. Бірақ кейбірі дідтеген жеріне жетпей, халықтың жиған тергені талан-таражға ұласқан. Қайырымды істің қайырын кім көріп жатыр? Тақырыпты тарқатып көрсек.

толастамайды. Әсіресе, денсаулық жағдайына байланысты келетін өтініштер жетерлік. Әріптестерімен ойласып, қайырымдылық концерт ұйымдастыруға бекіндік. Шара барысында тәжірибе жетіспеушілігі байқалды. Көптеген қиындықтарға тап болдық. Қайырымды іс болған соң көмек қолын созатындар көп болатын шығар деп ойладық. Жалға алу, әншілердің қаламақысы секілді дүниелерде жеңілдік болған жоқ. Жағдайды жеткізсек те түсінгісі келмеді. Мысалы, орталық стадионның 1 күндік жалға алу қыны 1 млн 200 мың теңге болды. Қайырымдылық шараға бұл қымбат баға. Десек те, кейбір кәсіпкерлер қолдау көрсетіп, билеттердің сатылуына қол ұшын берді. Сондай қолдаудың арқасында 2 сәбидің өміне қаражат жинап бердік, – дейді ұйымдастырушылар.

Шараны ұйымдастырушылардан қанша қаражат жиналғанын білмек болып, сұрау салғанымызда нақты жауап ала алмадық. Бастысы, жиналған ақша екі науқастың өміне теңдей бөлініп берілгенін білдік.

Хос, қайырымдылықтың барлығы бірдей емес. Кейбірінің шикілігі байқалады. Тіпті бүгінде жақсы істі жамылып, қосымша қаражат табатын алаяқтар көбейген. Оған дәлел «Мейірімділік» еріктілер қоғамы» жорының атынан ақша жиналушылар. Александр Хван есімді азамат онкологиялық дертке ұшыраған балалар үшін деп қаладағы кеңселерді аралап, ақша жинағаны бұған дейін анықталды. Құрылы органдар алаяқты дер кезінде тоқтатқан. Ал қордың жетекшісі Арухан Саин қоғамда алаяқтар өзекті мәселеге айналғанын жеткізді.

Мемлекет елімізді қайыршылар еліне айналдырып алмаудың алдын алып, көшеде қайыр сұрауға тыйым салған заң шығарғаны бар

емес пе?! Заңмен мәселе шешімін таппаған сыңайлы. Бүгінде қайыршылықтың мәдениетті түрі белең алды.

тиесілі жәшігінде көрсетілген байланыс телефоннаы қоңырау шалғанда қызық жайтқа тап болдық. Көрсетілген нөмір өшіріліп. Жауапты

БЛИЦ САУАЛНАМА:

Ардақ Жұмаханқызы:

– Мәселені көтерілгенге біраз жыл болды. Бірақ өзгеріс байқалмайды. Кәсіпкерлеріміз «қазақылыққа» салынып, қайырымдылық жасау қажет деген түсініктен арылмай отыр.

Жасұлан Болатбекұлы:

– Бұл мәселені қозғай кетсек, ақталуға дайын азаматтар көп, оның үстіне жауаптары да жауыр болған.

Сыргүл Молдраймова:

– Кез келген жерге жәшік қою күмәнді шынында.

Аралбек Боранбаев:

– Тийым салатын заң керек!

Рахия Абуова:

– «Гагариндегі» «Мейрамбек» дүкенінде «Зекет» қайырымдылық қоры деп жазылып тұр екен. Көрген жердің бәрінде салып жүреміз. Садақамен жұртты алдамайтын шығар деп ойлаймын.

Жорабек Жүніс:

– Кейде бұл алаяқтардың наны, тірлігі.

Олар көшеде қол жайып жүрмейді, қайырымдылық жәшігін құшақтап немесе сауда орындарына жәшігін қалдырып, өзгенің жоғын түгендеп, мұның мұндап жүргендердің кейліне өніп, сенімге кірген. Жалпы қоғамның пікірін білмек болып, әлемжеліде сауалнама жүргізген едік. Қатысушылардың жартысынан көбі дүкендердегі жәшікті жою керек екенін алға тартты.

Айта кетейік, сауда орындарында кең тараған «Ақмешіт Қожа Ахмет Ясауи» қайырымдылық мекемесіне

мамандардың айтуынша, қайырымдылық жәшіктерінің егесінде қайырымдылық қорлары болмауы да мүмкін екен. Яғни, алаяқтардың оңай олжа ретінде пайдаланып жүруі де ғажап емес. Сол себепті оған қатаң бақылау орнатылуы тиіс. Қым-қуыт тіршілікте қиналған жанға жиналған қаржы қамқор болса дейміз. Өйтпесе, шын мұқтаждар алаяқтардың арбауына түсіп, шетте қалып жатқан сыңайлы...

Ерасыл ШӘРІБЕК

Жалғасы. Басы 1-бетте

Бұл әсіресе, ыстыққа төзімсіз адамдарда жиі орын алады. Сәйкесінше күн өткізбейтін ашық түсті киімдер киген жөн. Сондай-ақ дұрыс тамақтануға да көп көңіл бөлу керек.

Өйткені, дәрігерлердің кеңесі бойынша мұндай ауа райында тамақтану өте маңызды. Әсіресе, жеміс-жидектер, көкөністер, сүт тағамдардарын тұтынған жөн. Керісінше ет өнімдерінен бас тарту керек.

— Өлсіздік, бас айналу, естен танып қалу, құсу, дене қызуының көтерілуі, жүрек айну, бас ауыру, тері қабатының қызаруы — бұлардың барлығы күн өтудің белгілері. Бұл әсіресе, жас жеткіншектер мен жасы егде тартқан қарияларға, жүрегі ауыратын жандарға өте қауіпті. Сондықтан ұзақ уақыт күн астында қалып қояудан сақтану керек. Көбірек су пайдаланып, ішімдіктен аулақ болған жөн. Тағы да айта кететін жайт, күн астында ұйықтап қалмау керек. Күн өткен жағдайда дәрігерлердің көмегіне жүгінген жөн. Өйткені, оған дәрігердің кеңестері міндетті түрде қажет болады, — дейді қалалық жедел жәрдем дәрігері Нарғиз Шаухаева.

Тұрғындар аптап ыстықта көшеге шықпауды жөн көреді. Шыға қалса көлеңке жағалап, салқын суын ішуге әуес бұл күндері су жағалаған тұрғындар көп. Бала-шаға суға шомылып мазмұндалады. «Біз үшін шілденің шіліңгір ыстығы қауіпті емес. Біз осы жазды асыға күттік» дейді балалар.

Ал несібесін қара жерден тапқан диқандар күннің қызғанын күтпейді. Өйткені өңірде өсетін күріш, бақша дақылдарының пісуі үшін күннен мол қуат қажет екенін алға тартады.

Биыл ауа-райы шаруалар үшін өте қолайлы болып тұр. Ерте көктемнен бастап күн күркіреп, егінге ыңғайлы болды. Иә, әр мезгілдің өз ерекшелігі бар. Жазда табиғаттың құбылысына орай ыстық болуы тиіс. Бұл қала тұрғындары үшін жайсыз болуы мүмкін. Бірақ диқандар үшін күннің

қызғаны маңызды. Мысалы, қарапайым бақша өнімдері күннің көзін өте жақсы көреді. Өткен аптада болған қатты ыстықтар біраз өнімді жинап алуға септігін тигізді.

Соның арқасында қала халқы дәрі қосылмаған таза бақша өнімін пайдаланып отыр. Бидайға да биыл орақ ерте түсті. Енді тамыздан бастап күрішке көңіл бөлеміз, — дейді диқан Асылбек Жүнісов.

Расында биыл күн райы жаңға жайлы болып тұр. Жаздың екінші ыстығы болмаса, жылдағыдан ерекшелік байқалады. Мұны Сенатор Мұрат Мұхамедов «Байқоңыр» ғарыш айлағымен байланыстырды.

— Ауа-райының биыл күрт өзгергенін Сыр жұртшылығы байқады деп ойлаймын. Оның бір себебі — Байқоңырдағы зымырандардың ғарышқа ұшпауы. Біріншіден, әрбір зымыран ұша салысымен кемінде төрт-бес күн бойы ауа райы бұзылып, қатты жел тұрады. Ол жел

оңтүстігі Жаңақорған, солтүстігі Аралдан асып Ырғызға дейін барады. Көктем айларында ылғалды болған жерлерде жақсы шыққан шөпті және жерді осы үздіксіз соққан жел кептіріп жібереді. Бұл мал мен егін шаруашылығына

АПТАП ҚАШАН БАСЫЛАДЫ?

зардабын тигізіп жатқан қалыпты құбылысқа айналған еді, — дейді Сенатор.

Жалпы шілдедегі ыстық тек елімізде ғана емес, Еуропа халықтарын да әбірге салуда. Көрі құрлықтың бірқатар елінде күн ысып, орман өрті көбейген. Франция, Испанияда ауа температурасы 40 градусқа жеткен. Ауа-райын бақылаушылар жақын күндері аптап ыстық Германия мен Италияға да жетеді деп отыр. Францияның орталық бөліктерінде де ыстық. Сынап бағанасы 40 градусты көрсетіп тұр. Мұндай ауа-райы бірнеше күнге жалғасады. Күннің шығуы салдарынан құрғақтылық белең алуы мүмкін дейді мамандар. Ал жергілікті ауа-райы сарапшысы Оливье Прустың пікірінше, күннің осыншама қатты ысуы — жаһандық жылыну құбылысының белгісі екен.

— Мұндай құбылыс жиі қайталануы мүмкін. Бұған адам факторы себеп. Соңғы уақыттарда ғаламдық жылыну құбылысының белгілері айқын біліне бастады, — дейді ауа райы сарапшысы. ыстық ауа температурасы тамыз айының ортасына дейін сақталады. Қысқасы, синоптиктер облыс аумағында әлеуметтік желілердегі ақпараттарға сәйкес 40 градустан асатын аптап ыстық болмайды деп сендірді.

Ал көптің тілегі аптаптың бетінің қайтуы, жаңбырдың жиі жауып, ауаның тазаруы. Себебі «Тағы 40-50 жылдан соң қазақ жері шөлге айналып, еліміздің басым бөлігі «қуаңшылыққа ұшырайды» деген Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, биология ғылымдарының докторы Келіс Жайлыбайдың пікірі көңілге алаң салады.

Ғалымның пайымдауынша, арнайы жүргізілген зерттеу қорытындысы көрсеткендей, соңғы жылдары ғаламдық жылыну көрсеткіші айтарлықтай артқан. Бұл ғалымда және қоғамдық пікірде дәлелденген факт. Мәселен, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстары аумағында жоғарыда келтіргеніміздей, термометр бағамы 38-50 градусты көрсеткен ыстық жиі қайталанып отыр. Бұл өз кезегінде елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де теріс ықпалын тигізуде. Себебі 2019 жылғы қуаңшылық әсерінен астық дақылдарының түсімі күрт кеміп, жайылымдарда шөп нашар өскен. Аталған қуаңшылық жағдайлардың әсері Қазақстанның шөл және шөлейтті аймақтарында өте күшті болады деп күтіледі.

Климаттың өзгеруі тұщы су тапшылығын туындатып, аптап ыстықтың әсерінен орман өрті көбейеді. Қуаңшылықтың кесірінен түрлі әлеуметтік қиындықтар пайда болып, оның соңы жануарлар мен адам шығынына және айтарлықтай экономикалық дағдарысқа алып келмек деген болжам бар.

Бұл ретте ғалым «Қуаңшылықты болдырмаудың және оның қолайсыз әсерін азайтудың қарапайым екі жолы бар. Біріншіден, атмосферадағы көмірқышқыл газдарының арақатынасын дұрыс сақтап, экологиялық дағдарысты жағдайлардың алдын алу үшін мұндай өнімдер мен көмірді жағу мөлшерін азайтып, баламалы энергияны көбірек пайдалану керек. Екіншіден, Қазақстан аумағында емен, арша, акация, бозарша, үйеңкі, қаштан, жиде, қарағаш, терек сияқты ағаштарды көптеп өсіру керек. Бұл өсімдіктер күшті фотосинтездеуші әрі аздақ жасайды» деген ұсыныс айтады.

Ерасыл ШӨРІБЕК

Бетпақта келе жатты ақсақ киік, Сандалып қаңғырақтап басын иіп. Пана іздеп шыбын жаңға

сүйретіліп,

Мергеннің кеудесіне оғы тиіп... Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киігі» әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселе. Құралайдың салқынында төлдейтін киелі киіктің жағдайы баршаны алаңдатады. Адам түпгілі аңның обалы мен сауабын білген қазақ үшін миллиондаған жылдар бойы тұқымын сақтап қалған жануар құнды. Ел арасында киіктің киесі туралы да көп айтылады. Тіпті, оларды атқан адамның бақытсыздыққа ұшырайтыны жайлы наным-сенім бар. Қазақ қызғыштай қорғаған ақбөкеннің қазіргі жайы қандай?

1920 жылы Қазақстанда киіктерді аулауға тыйым салынды. Соның нәтижесінде олардың саны 2 млн-ға жетті. 1960 жылы 1 млн 300 мың бас киік болды. 1988 жылы 500 мың киік қырылды. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары 23 мыңы қалса, 2010 жылы Батыс Қазақстан облысында 12 мың бас жойылды. Кейіннен 2016 жылы 108 мың бас киік қалды. Сайын даламызды мекендеген ақбөкендердің саны азайды. Басты себебі белгілі де. Ақшаға құныққан браконьерлер жүздеген киікті аздап, мүйізін мен тұяғын кесіп алып жатты. 2019 жылы киіктің мүйізін бір келісі 200 мың теңгеден жоғары бағаға сатылып, Қытай базарында 3,5-5 мың АҚШ долларына дейін саудаланды деген деректер кездеседі. Себебі мүйізді дәрілік шикізат ретінде шығыс медицинасында бұрыннан қолданылады. Осы жылдардың өзінде-ақ «мүйізді мафия»

қарқындап тұрған еді.



Ал биылғы көрсеткішке көз жүгіртсек, 2022 жылдың көктемінде әуеден барлау арқылы жүргізілген есеп бойынша Қазақстанда 1 миллион 318 мың бас киік бары анықталды. Соның ішінде Бетпақдалада 489 мың, Үстіртте 801 мың және Еділ-Жайықта 28 мың киік мекендейтіні белгілі болды. Көптің көңілін алаң қылғаны, Парламент Мәжілісінің отырысынан кейін Қазақстанда мекендейтін киіктердің санын ату арқылы реттеу жайлы ақпар тарады. Осы жылдан қалға азяоға шақ қалған жануардың

саны осы жылы көбейіп отыр. Шаруалардың айтуынша, көбейген киік егістіктерге, жайылымдарға зиян

тигізуде. «2017 жылғы есеп бойынша киік басы 152 мың болса, биыл олардың саны 1,3 миллионға жетті. Дегенмен, бұл жануардың республика бойынша онтайлы саны 700-800 мың болуы керек екен.

Әсіресе, Батыс Қазақстан облысына ерекше назар аудару қажет, онда киіктердің саны 800 мың басты құрайды. Бұл өңірде жайылымдар мен суаттар үшін ауыл шаруашылығы жануарлары мен киіктердің бәсекелестігі арта түскен. Сонымен қатар киіктер Батыс Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстарында егістіктерге де зиян келтіруде», — делінген орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитетінің хабарламасында.

Дегенмен Үкімет қаулысымен киіктерді қорғауға «Бөкейорда» мемлекеттік табиғи резерваты және Ащыөзек мемлекеттік табиғи қамалы қырылды. «Ащыөзек» мемлекеттік табиғи қамалының ауданы 314504,1 гектарды, «Бөкейорда» мемлекеттік табиғи резерватының ауданы 343040,1 гектарды құрайды. Мәжіліс отырысынан кейін 1 айға жуық уақытта Экология министрі Серікқали Брекешев 80 мың киіктің атылмайтынын, қоғамда дау туғызған ақбөкендер санын реттеудің басқа жолы қарастырылатынын мәлімдеп, жұртшылықты қуантады. Оның айтуынша, Президент сынынан кейін министрліктен зоология институты бірлесіп, киіктердің популяциясын реттеу бойынша ғылыми зерттеу жүргізбек. Соның нәтижесінен киік ғана киіктердің «тағдырына» қатысты шешім қабылданады.

Өңірдегі ахуалды да айналып өтпес үшін құзырлы мекемеге хабарласуды жөн көрді. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қарасты «Қызылорда облыстық жануарлар дүниесі мемлекеттік қорғау жөніндегі мамандандырылған мекемесінің» мамандары «Охотзоопром ОБ» РМҚК қызметкерлерімен бірлесіп жақында рейд жүргізгенін хабарлады. Нәтижесінде Жалағаш ауданына қарасты аумақта 17 бас ақбөкеннің өлі денесі және 54 дана мүйіз табылған. Бұл бұған дейін орын алған және қайталанып келе жатқан оқиға. Қаскөйлікте шек жоқ деген осы. Тек бір ғана тілек ойға оралады осындай. Табиғат тыныштығын бұзатындар жазасыз қалмаса екен!

Әлия ТӘЖІБАЙ

Сондуктан жастармен байланыста болу, маселелерін тұрақты талпына салып, олармен ашық диалог құра білу қашанда маңызды. Шілде айында Қазалы ауданы ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен бастау алған «Жастар керуені» жобасы – аудан жастарымен тікелей тілдесудің ашық алаңы сынды.

Апта сайын әр ауыл мен аудан жастарының өнерпаздарының басын біріктіретін айтулы жоба бойынша қазіргі уақытта 10 бағыт

аудандық ауыл шаруашылығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу, кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының мамандары берді.

– Осындай керемет таза ауа, ашық аспан астында әр ауылдың жастарымен жеке-жеке жолыққаныма

жағылып, жастар әнін айтып, өлең оқып, сол арқылы ұсыныстар мен аяғындағы шешімін таппай жүрген маселелер тыңдалады, екі тарап та өз ойын ашық білдіреді.

Бұл кездесулерде аудан әкімінің орынбасары Дәурен Оңғарбайұлы, аудан

жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында тұрақты түрде кино көштері, концерттік шаралар, акустикалық көштер, спорттық шаралар өткізілуде. Сонымен қатар

иесі Сәкен Қуантқанұлы, әнші Мадияр Жеткербай, Досбол Нұрылла жиналғандардың көңілінен шығып, ризашылығына бөленіп жүр. Осылайша екі тараптың да ерекше



Мемлекет болашағының тұтқасы – жастар.

әсерімен жоба да бітуге тауа. Алдағы уақытта «Жастар керуені» жобасының аялдамасында 9 ауылдық округ бар.

«Жаңа жобаның өнерпаздар үшін де, жастар мен біліктігерлер үшін де маңызы зор. Көңілді кеште отырып, өнерімізді паш етіп, арқа-жарқа болып жиналғанда жастарды мазалайтын сұрақтарды талқылау идеясы ерекше ұнады. «Балалар жылы», «Жастар жылы» дейміз де, олардың өзіне не керекін өздерінен сұрамаймыз. Ал бұл жобаның мәні белек. Осы орайда айтулы жобаның ұйымдастырушысы Нұрбек Ақпанбетов бастаған аудандық орталық ұжымына алғысымды айтамын. Осындай ерекше, креативті жобаларды күтеміз. Ал тұрғындар үшін ең салып, өнер көрсетуге ардайым дайынбыз», – дейді Досбол Нұрылла.

Дина БӨКЕБАЙ

«ЖАСТАР КЕРУЕНІ» ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

– Қызылқұм, Алға, Басықара, Сарбулак, Тасарық, Сарыкөл, Келарық, Арықбалық, Бозкөл, Ақжона ауылдық округтері аралаған. Мұндағы басты мақсат – ауыл халқы өнер бұлағымен сусындатып, жастармен ашық аспан астында еркін әңгіме өрбіту, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, ең бастысы ауыл халқының, жастардың көкейінде жүрген сауалдарына жауап беру.

Жастардың маселесі – бүгін қоғамның, бір мемлекеттің маселесі. Аукымды шарада мемлекеттік бағдарламалар бойынша барлық ауыл тұрғындарына, Neet санатындағы жастарға арналған кеңестерді сала мамандары,

қуаныштымын. Біршама ауылдарға аялдап, ондағы жастармен тілдестік. Бұл жобадан көкейде жүрген сауалдарды тартынбай сұрап, жеке басты да, ауылдың да маселесін айтуға болады. Біз сол арқылы шалғайдағы жастардың жайымен танысамыз. Соған сәйкес жұмыс істейміз. Өуегде құрылған «Жастар керуенінің» басты мақсаты осы, – деді аудан әкімі аппаратының басшысы Ринат Ібайдуллаұлы.

Ауыл жастарының басын қосқан шара концерттік бағдарламамен жалғасып, жылы соңында бейресми жастардың кездесуі өтеді. Жастармен еркін форматта ашық диалог жүргізіліп, бірге алау от

әкімі аппаратының басшысы Ринат Ібайдуллаұлы, ішкі саясат бөлімінің басшысы Қайрат Әбубәкірұлы, «AMANAT» партиясының хатшысы Нұрғиса Жаппарбергелұлы, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Нұржан Аралбаев, «Қазалы» газетінің бас редакторы Есет Жұмабекұлы барлық ауылдық округтерге барып, жастардың ой-пікірлерін тыңдап келеді.

«Жастар керуені» жобасының нәтижесінде өткізілген ауылдық округтерде жастардың айтылған ұсыныстары біртіндеп іске асырылып келеді. Айта кетсек, ауылдық округтерде

Бозкөл ауылында сол жердің тумасы, депутат Райымбек Бөлекбаев жастардың бастамасын қолдап, футбол ойынына арналған газон алаңын өз қаражаты есебінен ашып беретінін айтып. Сондай-ақ «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша да ұсыныстар айтылды. Ара-тұра өнерпаздар баян, домбыра, гитармен жанды дауыста ең айтып, көпшіліктің көңілін көтерді. «Сыра» келесін әншім дем» деген әзіл-шыншыл аралас тәсілдің мәнін ұғына түскендейміз. Кештің көркін қыздырып, жанды дауыста шырақпаған, классикалық бағыттағы көркем дауыстың

ЖЕРЛЕС ЖЕҢІСІ



Қызылордалық айтыскер Мұхтар Ниязов Қырғызстанда өткен халықаралық айтыстан бас жүлде еншіледі.

Бұл жөнінде облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов хабарлады. «Қазақ пен қырғызға ортақ ақын болды деген осы. Қуан, қазақ! Қырғыздың Қарқара жайлауында өткен халықаралық айтыстағы Мұхтардың бас жүлдесі құтты болсын», – деген қуанышты хабарын жеткізді басқарма басшысы.

Мұхтар Ниязов Жалағаш ауданында 1985 жылдың 4 қарашасында дүниеге келген. Алғаш жазба ақын ретінде қалам тартқан ол айтыс өнерін аудандық оқушылар айтысына қатысудан бастады. Мұхтар – облыстық ақындар айтысы мен жазба ақындар мұшайрасының жүлдегері. «Алтын домбыра» байқауының үш дүркін иегері. Сондай-ақ көптеген айтыста жеңімпаз болса, бірқатарында жүлдегерлер қатарынан көрінді.

150 ЖАҢА АВТОБУС



Соңғы бес жылдықта Қызылорда қаласының бас жоспарына сәйкес жаңа мөлтек аудандар бой көтеріп, халық саны қарқынды артуда.

Мәселен, Сырдария өзенінің сол жағалауынан бой көтерген жаңа тұрғын ауданда әлеуметтік нысандар, көпқабатты тұрғын үйлер және «Бәйтерек» мөлтек ауданынан «Бала мекені» елдімекені салынып, көпбалалы отбасыларға баспана табысталды. Сөйтіп, қала аумағындағы жолаушылар тасымалының маршруттық сызбасы біршама өзгеріске ұшырап, мөлтек аудандарды қоғамдық көлікпен толықтай қамтамасыз ету қажеттілігі туындады.

Осы бағытта қала көлеміндегі жолаушылар тасымалдауға арналған көліктердің жеткіліктілігі туралы тұрғындар тарапынан көптеген шағым түсе бастады. Мәселенің мән-жайын ескерген аймақ басшылығы қоғамдық көлік маселесін шешу және халық сұранысына сай қызмет сапасын арттыру мақсатында «Қызылорда Автобус паркіне» қосымша үлкен сыйымдылықтағы, заманауи автобустар алдыру жөнінде шешім қабылдады.

ҚАҢЫПТЕН САҚТАНЫҢЫЗ!



Облыста жыл басынан бері 23 адам суға көткен. Өкінішке қарай оның 8-і бала. Бала мамандары су айдындарында және қазғы демалыс орындарында қауіпсіздік ережелерін барынша сақтауды және балаларды қараусыз қалдырмауды ескертеді.

Соңғы уақытта облыс тұрғындары бекітілмеген орындарда суға шомылуда. Осыған байланысты төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері су айдындарында күнделікті рейд жүргізіп, тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын күшейтті. Дегенмен, өңірде суға кету жағдайлары азаймай тұр. «Биыл Сырдария өзенінде – 4 жағдай, каналдарда – 12 жағдай, арықтар мен басқа да су айдындарында – 6 жағдай орын алды. Сонымен қатар жеке тұрғын үйлерде балаларға арналған бассейндер де қауіпті екенін айтқым келеді. Жақында ғана «Арай» мөлтек ауданында қараусыз қалған 2 жасар сәби басөйінде суға батып кетті. Сондықтан суға шомылу маусымында сақтық шараларын қаперден шығармай, балаларға абай болған абзал. Қазіргі таңда жедел-құтқару жасағанда 49 сүңгуір маман мен барлық техникалар жұмыс істедуде», – деді облыстық ТЖД департаментінің азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Асхат Тоғызбаев.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ШЫ-ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ҚАРАУ КЕРЕК

Шы-Қазақстан облыстары соның қатарында. Үкімет және облыс әкімдері осы маселеге айрықша назар аударуға тиіс. Жыл аяқталғанда тиісті қорытындысын шығарамыз», – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, елімізде «Жастар ресурстық орталықтарының», құрылымын жаңартып, қайта іске қосу өзекті маселелердің бірі болып отыр. Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Александр Данилов айтты.

«Біз қазір жастармен өзара іс-қимылдың барлық тәсілін байыпты түрде қайта қараудамыз. Жастар өзіне не қажет екенін нақты анықтағанын қалаймыз. Біз көзқарасты өзгертеміз. Енді жастар субъект емес, жұмыс объектісі болады. Шынымен де жастармен өзара іс-қимыл жасауға бағытталған барлық бағдарламаларға жаңа баға

Жыл соңында жастарды жұмыспен қамти алмаған өңір әкімдерінің жұмысына қорытынды берілуі мүмкін. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында осыны мәлімдеді.

«Қазіргі таңда жастарды жұмыспен қамтуға баспа назар аударатын көз келді. Жыл сайын еңбек нарығына 300 мыңға жуық жас шығады. Елімізде ескелен ұрпақтың өзін-өзі

жамандалуына жағдай жасалып жатыр. Бірақ нақты шараларға қарамастан, жастарды жұмыспен қамту маселесі толық шешілмей келеді», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, кейбір аймақта жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі еліміздегі орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары. «Өсіресе, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және



ЖАЗУШЫ

Айналырға төрт бөлме. Кейіпкеріміз ортаншы баласы Николай мен кіші Қайырағал жататын шеткі бөлмені меңшепте, өзінің кабинетіне айналырып алған. Шәріптің шабыты қысқан күні екі ұлы мөптендеп ауызғы үйді паналап жүреді. Шәрекең әппақ пердені терезенің бір қапталына қарай ысырып, үстел үстін мұқият жинап, артық-ауыс заттың бәрін бір бұрышқа жинап-теріп, айналасын мұнтаздай етіп қояды. «Жазушының жаны қандай кіршіксіз болса, жан-жағы да соншалықты таза болғаны жақсы» деп қатын бала-шағасының мына қызын қойған. Көбінше күнделідей етіп жасақтағаннан кейін қағазын жүйіп жіберіп сойдақтаға жазуға кіреді. Мұнының үсті терлеп, көзі жасаурап, саусағынан ал кетіп, бір жазғаннан тынбай отырып үш сағат жазды. «Осылай еңбек еткенде ғана жазу өңімі болса түседі» дейтін көшілік құрдастарымен бақтағы жалғыз алма ағашының түбінде әңгіме-дүкен құрып отырып. Үш сағаттан соң аяғын сырп-сырп басып келініп Жұмағұл тақап келіп, есікті тықылдатады.

— Отағасы, ас ішіп аласыз ба? — Мен саған есікті ұрма деп қашаңғы айтамын! Тамақты терезеден ақп! Жұмағұл «Шәріп десе Шәріп екенсің» деп іштей ашуланып, тауықтың сорпасы мен екі нан, бір салаты бар подносын көтерген күйі үйді айналып, мұның терезесінің тұсына таяп келеді. — Балаларға айтып, подносты үстелге бір-ақ жеткізгендер қайтеді осы? — деп Шәріп тағы шақарланады. — Ойбай-ау, Никон да, Қайрош та сабақта ғой, — дейді Жұмағұл көзін адырайтып, — жазу, жазу деп шеп басын сындырмайсың, — деп сөз аяғын күмілгіткіп бүкір ете қалады. Шәріп тамағын жалап-жұқтап ішіп алған соң, тағы да бұрқыратып жазуға кіреді. Қазір бұрындай оқушы дөңгелек емес, А4 форматтағы ақ қағазға сүйкейтін болған. Бұл ауылда ол қағаз да тапшы. Абырой болғанда, Шымкенттегі мемлекеттік университетте тарих пәнінің мұғалімі мамандығын бітіріп, қазір мектепте технология мен валериоландан сабақ беріп жүрген әйелі Жұмағұл тықылшап жүріп бұған ақ қағаз тасыды. Ондай қағаз мектеп бойынша тек директор мен завучтың бөлмесінде ғана көп. Екін тауып елілдеп жүріп, бірде көрсетіп, бірде бой тасалап, әйтеуір ақ тер, көк терге түсіп апта сайын бұма-бұма ақ қағазды алып татып тұрады. Бір жолы директор Сабырәлі осыны байқап қалып қатты ашуланды. — Қабылдау бөлмесіндегі қағаздарға жау тие ме осы? Неге өзінен өзі жоғары берсін? — деді педсоветте үстелді тоқпактатп. Ортаңы қатарда отырған Жұмағұлдың жүрегі зырк етсін. — Ашуыма тиімдері! Ертеннен бастап камера қойдырмайтын, — деп тепсінді

сабырсыз Сабырәлі. Содан бері Жұмағұлден маза кетіп, көңілі алаңа толса да қашып-пысып қабылдау бөлмесіне баруын қоймады. Әуелі бұрыш-бұрышты асығыс шолып алады. Сосын қолын сұмандатып ақ қағаздарды білдіртпей сөмкесіне салады. Мектептің мүлкіне қол суғып жатырмын ау деп ойлаған сайын дегбірі қашып, аяқ-қолы қалтырап әреш шығатын. Оның осыншама сынақтың ортасынан қол тауып, бұған қағаз тасып жүргенін білсе де Шәріп тым жайбарақат. — Саспа, қатын! Сен ұрлық жасап жүрген жоқсың! Сен руханиатқа қызмет етіп жүрсің, — дейді шәй үстінде дар-дар етіп. — Руханиятыңды қайдам... ұрлық үстінде ұсталып қап, жұмыстан шығып кетпексең болды, — дейді Жұмағұл сылпылдатып шәйін ішіп отырып. — Жазғандарым бір кітапқа таяп қалды. Жұмыстан шыққан мен асыраймын, — дейді Шәріп танауын көтеріп.

Осы кезде мінез-құлқы есім-сойымен үйлесе қоймайтын ортаншы ұлы Николай еңгіліп үйге кіріп келсін. Бұлар ошарыла қарағанша болған жоқ.

— Сұрап жатыр! — деді екі қолын екі тізесіне қойып бүктетілген күйі. — Сәліма ма? — деді Жұмағұлдың түрі бұзылып. — Иә! — Айттым ғой... былтыр алған екі жілік еттің ақшасын әлі бере алмай жүрісіміз мынау. Шығар ал кітабыңды, — деген сосын күйеуіне қарап. — Кітаппен ақша табамын деген ақымақ жоқ шығар мына заманда. Шәріп осындай әңгіме айтыла бастағаннан-ақ кесесін алақаныммен жауып, шыққарып бір тартып қойып, сыртқа беттейді.

Әйткенмен үстел мен ақ қағазға төне түсіп, тынымсыз жазуын доғарған жоқ. Күндіз-түнге қарамай төпелейді. Қаламсабының сисы таусылып, біраз күннен бері балалардың кеңсе заттарына ауыз салған. Жазушы әкелерінің мінезінен хабардар Николай мен Қайырағал бұл «қылмысқа» аса бей-жай қарап, үн шығармайды.

Шәріп соңғы уақытта салт-дәстүр, туған өлкенің тарихы, адам санасының жаңғыруы секілді аса ауыр әрі маңызды тақырыптарға қалам тербей бастаған.

Бір апта өтті ау дегенде су жаңа шығармасын конвертке баппен салып, хаттың жиегін тілімен ары-бері жалап тастай қылды да аудандық газетке аттандырып салды. Байқожа Қожабаев басқаратын басылым мұның меселін қайтармай, ертеңіне-ақ жарқ еткізген. Атын атап, абыройын асырып, мақтау сөз жазыпты. Көшіл шәй үстінде Шәкең мәртебелі диқшимен дауыстай оқып, отбасы мүшелері жаппай қол шалапалақтап, өздеріне мәз-мейрам болды да қалды.

Арада екі апта өткенде Шәкең келесі туындысын облыстық газеттің мекен-жайына қарай жолдап жіберді. Олар аудандық басылым сияқты тым мырзақөңіл емес екен. Қайта-қайта телефон шалдыртып, сұратып жүріп екі-үш ай дегенде әреш басты. Бірақ бас редакторы сондай қатқыл пенде емес сияқты.

— Шәке, оқырман көп. Оқырман көп болған соң жазатындар да көп. Сіз секілді қаламгердің белсенділігі бізді қуантады, — деп мұны өзінше демеп қойған болды.

Сынағысы келді ме, әлде мақтайын деді ме Шәріп ол жағын аса ажырата алған жоқ. Ажыратуға тырыспады да. Ең бастысы облыстық газетке түрен салғанын аса тарихи жағдайға балап, тынысы кеніген. Жазудан аздап сергін деп, бой жазбаққа сыртқа беттесе болды құдайы көршілері Таңқау мен Дәріп кездесе кетеді.

— Шәке, оқырман көп. Оқырман көп болған соң жазатындар да көп. Сіз секілді қаламгердің белсенділігі бізді қуантады, — деп мұны өзінше демеп қойған болды.

— Шәке, оқырман көп. Оқырман көп болған соң жазатындар да көп. Сіз секілді қаламгердің белсенділігі бізді қуантады, — деп мұны өзінше демеп қойған болды.

— Шәке, оқырман көп. Оқырман көп болған соң жазатындар да көп. Сіз секілді қаламгердің белсенділігі бізді қуантады, — деп мұны өзінше демеп қойған болды.

— Шәке, оқырман көп. Оқырман көп болған соң жазатындар да көп. Сіз секілді қаламгердің белсенділігі бізді қуантады, — деп мұны өзінше демеп қойған болды.

Үшеуі бас қосса болды бір-бір саптыяқ сыра алады. «Сыр айтқанда болады сыра тәтті» деп Шәріп мақалдатып, жазушылық мақамына салып әңгімесін бастайды.

— Осы сен не жазасың? — дейді көршісі.

Шәріп сырасын ұрттап, тұшынып отырып, сал үнсіз қалған соң барып:

— Проза, — дейді маңғаз дауыспен.

— Әх-әх, менің қатынымның атына ұқсайды, әх-әх, — деп күледі Таңқау езуі көбіткеніп.

— Сенің қатыныңның аты кім еді?

— Көрші болып тұрып менің қатынымды білмейсің бе? — деп Таңқау әлдеқандай болсын.

— Білем ғой, есіме түспей қалды...

— Ұят қой, — көрші тұрып қатынымның атын білмейсің.

— Айтшы енді... құдды Ерке Есмаханның байы сияқты кергідің ғой?

— Аты... Патима ғой...

— Проза мен Патиманың қай жері ұқсас тұр, Таңқау көке? — дейді үндемес Дәріп көзін дөңгелетіп.

— Екеуі де П-дан басталмай ма? — деп Таңқау екі көршісіне кезек-кезек қарайды.

Ондай кезде Шәріп «Сендер тым арзан әңгіме соғасындар. Маған әдеби орта керек, реңкімдер» орнынан кілт көтеріліп, кете барды.

— Өй, менің балам да бірдене шимайлайды. Соған барсаңшы, — деп Таңқау мұның артынан тарқылдай күледі.

Шәріп кезекті рет Николай мен Қайырағалдың бөлмесін тартып алған күні тағы бір тың шығармасын дүниеге әкелді. Бұл жолы тез жазылды. Тілі мен стиліне, жанрына өз көңілі қатты толып, қайталап оқып, әлсін-әлсін толқып кетеді. Сөйтіп, «Шыбындар патшалығы» атты шағын хикаяты аудан мен облыс газетіне жіберуге обалсынып, республикалық газетке бір-ақ жолдаған. Жібергеніне он күн өтсе де аптасына үш рет шығатын газеттен хабар бола қоймайды. Үйге газет келген сайын ашқарақтана ақтарып, әр мақала, әр әңгіме, әр тақырыпқа қадала қарап, өз шығармасын, өз аты-жөнін іздейді. Жоқ. Тағы да он күн сырып өтті. Газетті күткеннен бе ештеңе жазып та жарытпады. Жұмағұлдың де жаны тынышқан. Мектептен ақ қағаз тасып әуре болмайды.

Екі ұлы да өз қаламсаптары мен бөлмесін қайтарып алып, еркінсіп қалды. Отбасына еркіндік сыйлағалы тағы он күн сырып өтіп, ай алмасқан. Газет ләм-мим демеді. Басқа авторлардың шығармалары күн аралатып шығып жатыр, шығып жатыр. Осыдан соң Шәріп өкінін доғарып, ойлана бастады. Бұған терең астармен қарау керек деп түйсінді. «Олар менің шығармамды ұстаздар мерекесіне орай шығарғалы жатқан ғой. Әдейі соған сақтап отыр. Міне, жазушыны бағалау деген осы. Әшейін, маңызы жоқ күні шығара салса не болғаны» деп ойланды ол. Сөйтіп жүрсе де мұндағы шығармасы мұғалімдер мейрамына жетпей-ақ, қыркүйектің жиырма сегізінде жарқ еткен.

Қуаның қуанса да өң айналып, тақырыбы ауысып, сюжеттері қырқылып, қырық жамау болған шығармасын көріп Шәріп көңілді қулазып қалды. Салып ұрып телефон соғып еді, тұтқаны Құдай ондағанда әдеби редактор көтере қалғаны. — Бауырым ау, мен секілді білмей жазушының шығармасын көк...

— Ойбай, кеке, сіз ап-әді!

— Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді!

— Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді!

— Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді!

— Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді!

— Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді!

— Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді! — Ойбай, кеке, сіз ап-әді!

айдарымен алдағы уақытта осындай шығармаларды өз тарапымыздан өңдеп, ұсынып отырамыз. Бұл біздің жазушылықтан үмітті жазармандарымызға үлкен көмек болары сөзсіз» деп бір-ақ қайырыпты. Жазушымыз ызааланып, ашудан жарыла жаздаған. Сөйтсе бұған жасалған соққы мұнымен де бітпепті. Қырсыққанда осы газетке Таңқаудың тоғызыншыда оқитын баласы да шығарма жолдапты. Редакция оған да осындай сын жазған. Кезекті бір жолыққанында Таңқау: «Балам екеуің оңбай сөз естіпсіндер ғой» деп езуі көбіткеніп ырқ-ырқ еткен. Үйге келсе Жұмағұл күткен.

«Баламен жасты баламен бірге қосылып сөгіс алып, «Жетігеннің» абыройын төктіңдер ау» деп.

Бірақ мұндай сынга морт сынатын Шәріп пе? Қатынын бір сабап алып, әдебиет пәні кітаптарындағы теориялар мен әңгімелерді тағы бір қайыра оқып шықты да, келесі туындысын жазуға кірісіп кетті. Бұл жолы көңілі қадімгідей мерейленіп, мейманасы тасып отырып жазды. Қаламынан маржандай сөз төгіліп, оқиға желісі де күтпеген бұрылыстарымен автордың өзін тәтті қылып, шытырман оқиғалы жазуға бас-аяғы жеті күн ішінде сәір болған. «Темірді қызған кезінде соққ деді де, сиясы келпеген шығармасын республикалық басылым жариялаған бәйгеге қосты да жіберді. Қызық болғанда, арада жиырма күн өткенде білдей басылымнан шақырту келіпті. Көшілік Таңқау мен Дәріпті, Николай мен Қайырағалды, қатынын, көшеден жолай өтіп бара жатқан тағы бірді-екілі адамды жинап алып оқып берді.

«Құрметті, Шәріп Тасығанұлы! Сіздің шығарманың «Жақ алма» республикалық әдеби байқауы қазылар алқасының көңілінен шықты. Қаламдағы аса маңызды мәселені қозғалысы. Қордаланған түйткілді жағдайға көркемдік реңк беріп, кейіпкерлердің көзқарасы арқылы ерекше жеткізе бергеніңіз. Мұндай шеберлік, біздің көркемдік шешім сөзсіз, мұндай әдебиеттің жемісі болмақ. Сондықтан қазылар алқасы сізге жүздеп отырғандардың бірін «Бастайтын» болып шешті. Ол үшін Алматы қаласында өтетін салтанатты марапаттау рәсіміне шақырамыз».

Мына жаңалық арада бес минут өтпей-ақ «Жетіген» ауылының бүкіл үйіне, ойы мен қырына, түпкір-түпкіріне тарады да кетті. Таңқау мен Дәріп «жетістікті өзіміз-ақ жуып берейік» деп Сәліманың дүкеніне қарай томпаңдады. «Жұртқа жекөрішіл болып мектептен қағаз тасыған еңбекім жақ кетпепті ау» деп Жұмағұл жанарына келген жасты орамалының ұшымен іріп, қуаныштан мұрынды пышылатып тарта берген. Тіпті ауыл әкімі Сырбай Сулғановтың өзі құттықтап кіріп шығып, ауыл даңқын асырғаны үшін сыйақы беретінін айтып қуанып кетті. Ұзамай мектеп директоры Сабырәлі Жылқыбайлы да жетті алып-ұшып. «Ауылымыздан сіз секілді қабырғалы қаламгердің шыққаны бізді қуанышқа бөлейді. Кітаптарыңызды оқушыларымызға оқытамыз» деп желпінді. Оқушыларға матаға гүл тігуді, шыбықтан көрзеңке жасауды үйрететін қатыны Жұмағұлды де біраз мақтап қояды. «Былытты мұғалім көбейіп, сағат бере алмай қалдық, Енді сағатын арттырамыз. Мұндай мамандар бізге керек» деді қипақтап. Әйтеуір, Шәріп пойызға мінемін дегенше аудандық газеттің тілшілері, басы-лары, журналистер қаумалай қаптап, шығармашылығымен танысып, мәре-сәре болысқан.

Абай
АЙМАҒАМБЕТ



Атлант мұхитының өтегінде жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты қызда түсті. Жүйріктер жарысында ел намысын қорғаған Нора Джерутта әлем чемпионы атанып, қоржынға тұңғыш жүлдені салды. Бұл жеңіл атлетика тарихындағы тың жаңалықтың бірі болды. Дүбірлі дода көзінде осы спорт түрінен жасалған және көп уақыт мұрты бұзылмай келген рекордтарды оқырмандардың жадында тағы бір жаңғыртқанды жөн көріп отырмыз.

Әлем чемпионаты тарихында молынан олжаға кенелген жеңіл атлеттер көшін атағы жер жарған Усейн Болт бастап тұр. 100, 200 және эстафеталық сайыстарда сынға түскен Ямаиканың мақтаншы 2007 мен 2017 жылдар аралығында 11 алтын, 2 күміс және 1 қола медальды олжалады. Барлығы – 13 жүлде. «Найзагаи» деген жанама есімге ие болған Усейн 2009 жылы Берлинде өткен әлем чемпионатында 100 метрлік қашықтықты 9,58 секундта артқа тастап, жер-жаңадан ең жылдам адам атанды. 200 метрлік сайыста ол 19,19 секундтың нәтиже көрсетті. 2012 жылы Лондон Олимпиадасында құрамында Неста Картер, Майкл Фрэйтер, Йохан Блэйк және Усейн Болт сынды дүлдүлдері бар Ямайка құрамасы 4x100 метрлік эстафетада алдарына жан салмады. Бұл рекордтардың ешқайсысы да күні бүгінге дейін жаңаған жоқ. Болт барлығы сегіз рет таңдай қағарлық көрсеткішке қол жеткізді. Сондай-ақ Кариб теңізінде орналасқан шағын ғана аралда туып-өскен даңқты спортшының жеңілдігі Олимпиада ойындарының сәйкессіз деген атағы тағы бар.

Екінші және үшінші орындар АҚШ-тың қос желаяғы – Карл Льюис (8+1+1) пен Майкл Джонсонға (8+0+0) тиесілі. Бирмингемде дүниеге келген Карл ең қысқа қашықтық пен эстафетада дара шығып қана қоймай, ұзындыққа секіруден де барлық бәсекелесінен басым түсті. 1963-1997 жылдар аралығында Льюистің айшықты өнеріне миллиондаған жанкүйері құлшына қол соқты.

Далласта



дүниеге келген Майкл 200 және 400 метрлік сайыстарда топ жарды. 4x400 эстафетасында да оның алдына ешкім түсе алған жоқ. Джонсонның жеңісті жолы тоқсаныншы жылдары басталса, ғасырлар тоғысында ол үлкен спорттан қол үзді.

Төртінші және бесінші орындарды америкалық Лашон Мерритт (6+2+0) пен украиналық Сергей Бубка (6+0+0) иеленді. 2005-2021 жылдар аралығында Мерриттін жұлдызы жарқырай жанды. Портсмуттың аруы 400 метрге жүгірудің хас шебері еді.

1983-1996 жылдар аралығында өткен дүниежүзілік додалардың сырықпен секірушілер сайысында Бубка қатарынан алты рет жеңімпаз атанып, теңдессіз шеберлігімен төрткүл дүние жұртшылығын тамсандырды. Спорттың бұл түрінің тарихында ешбір атлет 6 метрлік биіктікке секіре алмаған. 1985 жылы Париждегі жарыста Сергей сол межені бағындырды. Украинаның мақтаншы әлемдік рекордты 35 мәрте жаңартты. Әйелдер арасында әлем чемпионатында жеңіп алған жүлделер саны жағынан 35 жастағы Эллисон Феликске тең келер ешкім жоқ. Жеңісті жолын 2005 жылы бастаған Лос-Анджелес қаласының тумасы биылғы көктемде үлкен спортпен қош айтысатынын жария етті. Оның қоржынында 9 алтын, 3 күміс және 1 қола медаль бар. Барлығы – 13 жүлде. 200 және 400 метрлік қашықтықтар Эллисонның оң жамбасына келетін.

Екінші орында – Шелли-Энн Фрейзер-Прайс. Ең қысқа қашықтыққа жүгіретін ямаикалық спортшы әлемдік додада сегіз рет жеңіс тұғырына көтерілді. Ол жүлделердің алтауы алтын және екеуі күміс. 35 жастағы Шелли-Энн өлі де бабында. Ямаиканың мықтысы Юджинде де бақ сынап жатыр. Үшінші сатыға Гейл Диверс жайғасты. 100 метрге

көдергімен және көдергісіз жүгірген АҚШ-тың атақты спортшысы аталған жарыста 6 алтын мен 2 қоланы еншіледі. Кезінде дәл осы Диверс біздің желмен жарысқан желаяғымыз. Олимпиада чемпионы Ольга Шишигинаның басты қарсыластарының бірі болғанын жанкүйерлер жақсы біледі. Сондай-ақ үздік бестіктің санатында тағы екі америкалық желаяқ бар. Олар – Саня Ричард-Росс (5+1+0) пен Джерл Майлс-Кларк (4+3+2).

Қызыл-ордалық дзюдошылар Таиланд астанасы Бангкок қаласында өткен Азия чемпионатында жүлдегерлер қатарынан көрінді.



ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Құрлықтық додада 73 келіде сынға түскен Ақбар Алтай татами төрінде тартысты бәсеке өткізді. Қарсыластарының барлығын бет қаратпай ұтты. Нәтижесінде чемпиондық тұғырға көтерілді. Тағы бір жерлесіміз Жанерке Асқарова ақтық сында қарсыласына есе жіберіп қойды. Осылайша күміс медальды қанағат тұтты. Ал Дина Мұханбет 57 келіде үздік үштікке ілікті. Спортшыларды жарысқа Қален Қалиұлы, Қайрат Теленов және өзге де бапкерлер дайындады.

Футболдан Қазақстан кубогының топтық кезеңінің үшінші турды артта қалды. Бұл турда Ақтауда жергілікті «Каспий» Қызылорданың «Қайсар» командасын қабылдады.



«ҚАЙСАР» ТОП БАСЫНДА

Турнир кестесінде «Қайсар» екі ойыннан кейін ұпай жоғалтпастан көш басында келе жатқан еді. Ал «Каспий» небәрі бір ұпаймен төртінші орынды місе тұтқан.

Кездесуде де қызылордалық футболшылар жинақы қимыл көрсетті. Нәтижесінде олардың қатарынан Адама Диалло 33, 45-минуттарда мергендік танытты. Оған «Каспий» сапынан Руан Телеш 92-минутта бір голмен жауап қайырды. Осылайша, «Қайсар» қатарынан үш ойында жеңіске жетіп, тоғыз ұпаймен көш басындағы орнын сақтап қалды.

Ауыр атлетикадан Сырдың даңқына ешкім сын таға алмайды. Илья Ильиннің ізбасарлары небір айтулы жарыстарда топ жарып жүр.



ҚАНЖЫҒАДА ҚОЛА ЖҮЛДЕ

Соның бір айғағы, 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы Азия чемпионатында жерлесіміз Азамат Төлеген жүлде алды. 15-25 шілде аралығында Әзербайжанның Ташкент қаласында өткізіліп жатқан чемпионатта Сыр спортшысы қола жүлдені қанжығасына байлады. Азамат Төлеген (61 келі) серпе көтеруде 150, жүлжа көтеруде 112, қоссайыс нәтижесімен 262 келі зілтемірді бағындырды. Осылайша ол ХДСШ (Халықаралық дөрежедегі спорт шебері) нормативін орындады.

АТ СПОРТЫНА АТУСТІ ҚАРАМАУ КЕРЕК

– Сламхан аға, жаз мезгілі ұлттық спорт, оның ішінде бөйге, көкпар секілді жорға жарыстарының қызыр шағы. Биыл облыс құрамасы жанкүйерлерді қандай жетістіктермен қуантай?

– Биыл жыл табысты басталды. Ел чемпионаттарында жеңіс тұғырында жүрдік, жастар ұлттық құрама сапын толықтырды. Көкпардан сол ұлттық тұғырдан түспесек, аударыспақ пен жамбы атудан алтын тұғыр бұйырып келеді. Теңге ілуде де жаман емеспіз. Бұйырса саяткерлік спортын да бйікке көтеріміз деген жоспар бар. Алғашқы бастамасы ретінде биыл ел чемпионатын біздің өңірде өткіздік. Елорда төрінде өткен жамбы атудан Ақаділ Пернебай кезеңнің 3 стилі бойынша ешкімге дес бермей, мерген екенін дәлелдеді. Түрік стилінен 1-орын, өзге де түрлерінен күмісті олжалап, жалпы кезеңнің қорытындысында чемпион атанды. Осылайша Ғалымжан Өміртау мен Наурызқожа Өмізевтен тәлім алған Ақаділ ел чемпионатында атой салды. Негізінде Ақаділдің әкесі Бекқали Өзенаев та кезінде әрдайым жеңімпаз атанатын. Енді перантй ұрпақтар сабақтастығын жалғап, жасындай жарылдай бастады. Сондай-ақ Ғалымжан 2019 жылы жамбы атудан ел біріншілігінде алғаш рет Сыр еліне алтын сыйласа, бұл жолы оған қола бұйырып, олжаға оралды. Ересектер арасындағы теңге ілуден Исрайыл Айдар 3-орынды иеленіп, Түркияның Стамбул қаласында өтіп жатқан V этноспорт мәдени фестиваліне жолдама алды. Биылғы жылдың тағы бір жетістігі, 14 жас шабандоз «Спорт шебері» атағына қол жеткізді. 12 балуан көкпардан, екеуі аударыспақтан. Міне, осындай оғандар облыстың атын оздырып, байгеде барын салып жүр.

– Ересектердің бәсі белгілі. Жастардың ат спортына деген қызығушылығы қалай?

– Жастарының жоқ, ат спортында тек ауыл балалары жүр десеке болады. Аға-бұрынғы зін жалғайтын жастарымыз жетерлік. Жуырда Көкшетау қаласында жасөспірімдер арасында ел чемпионатының жалауы желбірейтін болады. Бұл сында 2005-2007 жылы туған жасөспірімдер бақ сынады. Ал, күзде көшпенділер ойыны басталады. Оған көпшеу да мүмкіндігіміз бар. Ол үшін тамызда іріктеуден сүрінбей өтуіміз керек. Жігіттер сақадай сай, бұйырса ол тұғырды да бағындыратын боламыз.

– Олимпиадалық спорт түрлеріне қолдаудың қорығы өкениі білеміз. Ат спортындағы жағдай қалай?

– Кез келген спорт түріне қолдау керек. Біреуіне көңіл бөліп, біреуіне бөлмей қалу деген болмау керек. Қолдау болса нәтиже жоғары болады. Біздің жағдай жақсы деуге келірімейді. Қаржылық қолдау керек. Бәрінен бұрын астарындағы тұлпарларына тәреу болса. Шыны керек, көз көріп жүр, шабандоздардың жаттығатын алаңы болғаныммен, ешқандай жағдай жасап-маған. Аттар да адам секілді, шаршағанда көпкеме көреді, жаттығудан кейін суытып, қалпына қайта келтіру керек. Мұның барлығы үлкен жұмыс, оны күнделікті жаттығу барысында байқап жүрміз. Жалпы біздің елде спортқа

көбірек көңіл бөлінеді. Қай спортты алсаңызда арнайы жаттығу залы, қажетті саймандары жетерлік. Өрине, ат спортына да қолдау бар, бірақ ойдағыдай емес. Қазір жылқылардың барлығы Қыркесек ауылында, күнделікті жаттығуға аудан орталығына келіп-кету үлкен мәселе. Келгеннен соң жаттығатын алаңның бүгінгі жайы көңіл көншітпейді. Өрине, бұл аудан шешетін мәселе емес. Екіншіден, құс ұшырып, тазы жүгіртуді де қолға алдық, келер жылы ел чемпионаттарында саңлақтар топ жаратын болады.

– Жаттығу алаңдарын жақсарту үшін бапкерлер тарапынан ұсыныстар болды ма?

– Қазір аудан орталығындағы арнайы алаңның айналасына жасауға тиісті жұмыстарды тізбектеп, жоба-сметасын жасап қойдық. Алаңды қоршау, көрермендер отыратын орындарды, жылқы өңімі мен құрал-саймандарын сататын дүңгерушілер және жануарлардың тынығатын орындарын салу жоспарда бар. Мұндағы мақсат – ұлттық спорттың деңгейін көтеріп, өскелең ұрпақты осы жолға тәрбиелеу. Өйткені, атадан келе жатқан, қанымызға сіңген өнерді біз дәртілемесек, кім дәріптейді. Өрине, мұның барлығы алдағы уақыттың еншісінде, бұнымен, тездетіп, ат спортына жағдай жасамасқ біріншіліктегі көрсеткішіміз құлдырайды. Өңгімелескен Ерасыл ШӨРІБЕК



Ине сабақтап, тігін тігуге кез келгеннің өбі бар. Десе де қиюын көлтіріп, көрпекерпешке құрау нағыз маманның қолынан келеді. Қиялға өрік беріп, таңғажайып дүниелерді шығарсаңыз тіпті керемет. Мысалы, қазір доптың өзін қолдан тігу сәнге айналды. Оны түрлі-түсті құрақпен безендіру де көз жауын алып тұр. «Әдемі» тігін шеберханасы осы істі әдемі іріп, көптің талғамынан шығар дүниелер ұсынып келеді.



МАТАДАН АДОП ТІГУ – ТРЕНД

— Өзіне деген сенім алға сүйейді. Мен 2007 жылы қазан айынан бастап мектепке жұмысқа орналастым. Осы кезден бастап жауапкершілік деген ұлы ұғымның қадірін білдім. Мектептегі іс-шаралар, сабақ, түрлі байқаулар жауапкершілікті өсіреді. Жұмыс барысында алғашқы жылдары көптеген қиындықтар кездесті. Дегенмен адамның қолынан келмейтін іс жоқ, алыбайтын қамал жоқ деп өзімді қамшылаудың арқасында нәтижеге қол жеткіздім. «Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық» — шын мәнінде қымбат табыс» деп заңғар жазушы М. Әуезов айтқандай, егер адам шын көңілімен қаласа, арман-мақсаттарына қол жеткізеді деп білемін, — дейді ісмер.

Нұрсұл бәйбітін оқушыларға үйретіп келеді. Оларды еңбекке баулып, болашақта шеберлігін шыңдауға бағыт сілтеуде. Бұдан бөлек, кейіпкерімнің осындай он жыл бұрын «Нұр-Рамзаны» қоғамдық қоры құрамын білді. Мақсаты — мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Құмға сурет салу» өнерін үйрету. 2014 жылы жеке кәсіпке бет бұрған. «Ақниет» бағдарламасы арқылы 300 мың теңге көле-

махаббатпен, аса бір қызығушылықпен жасалатын дүние. Тігінші болу үшін жай әшеңгі тіге болу жеткілісіз. Алдымен ынта болу керек. Өзім тапсырыс берушіден майда-шұйденің барлығын еш қысылмастан, екі, үш қайтар сұраймын. Есесіне бүгінде тұрақты тұтушыларымыз көп, — дейді Нұрсұл.

Кәсіпкердің креатив идеялары жеткілікті. Заманауи дүниелер жасауға бейім. Басты принципі де — іденіс, тұрақты даму екен. Ол 2015 жылы «Бастамаларды қолдау» қорынан 300 мың теңге көлемінде несиес алып, кәсібін кеңейткен. 2018 жылы 3 миллион теңге көлемінде қолдауға қол жеткізіп, цехқа «Әдемі» атауын берген, жаңа құрал-жабдықтармен жабдықтаған. Жоспары да айқын. Ол алдағы уақытта «Teikiti by Aptida» оқу орталығын іске қосуды, құмға сурет салу және құмға сурет салу үйірмесінің ісін ілгерілетуді, құрақ құрау өнері, бейнелеу өнері, дизайн бойынша жұмыс істеуді жалғастырмақ ниетте. Отандық өнімді көбейтіп, өз қолтаңбасын қалыптастыру оның басты мақсаты.

Мәлдір САБЫРЖАН

JULDYZ - JORAMAL

(28 шілде – 3 тамыз)



Тоқты
Астрологтың айтуы бойынша, барлық апта бірдей сәттілікке толы болмайды, бірақ апта соңына қарай сіз барлық жағынан айтарлықтай жетістікке қол жеткізесіз. Өзгерістерді күтпеніз. Апта барлық өзекті мәселені шешуге және қаржылық жағдайды нығайтуға көмектеседі.

Торпақ

Апта даулы және қиын болады. Сізге тепе-теңдік, ымырашылдық іздеп, жазыңдарға зиян тигізбеуге тырысу керек. Көп нәрсе сіздің адамдармен ортақ тіл табысуыңызға байланысты. Аптада қаржылық жағдайы жақсартыла аласыз, бірақ мұндай уақыт ұзаққа созылмайды. Күтпенен шығындар құлдырауға әкеледі.

Егіздер

Қиындықтан қорықпай, кез келген мәселені шешуге бел бууыңызға болады. Жыл белгісінің жақсы ниетін пайдаланыңыз, бірақ әркім өзінің еңбегіне қарай марапатталатынын ұмытпаңыз. Барлық шығармашылыққа бейім адамдар, дизайнерлер мен мемлекеттік қызметкердің жұмысы жемісті болады.

Шаян

Апта нәтижелі жұмыспен, сондай-ақ эмоционалды өрлеумен өрешеленеді. Ұзақ уақытқа созылған күйзелістен шығып, жағдайды өз қолыңызға алатын кез келді. Әмірдің әділетсіздігін айтып, шығармашылыққа қайыңың, сіз бәріне өзіңіз қол жеткізе аласыз. Өзіңізді дамыту үшін жасаған жұмысыңыздың ізсіз өтпегенін көресіз. Сіздің кәсіби міндеттеріңіз арта түскенімен, жалақыңыз да өседі.

Арыстан

Апта тыныш және тұрақты болады. Бұл уақыт сіздің психологиялық жағдайыңызды ретке келтіруге және ұзақмерзімді жоспар құруға көмектеседі. Өмір өз біліміңізді жетілдіруге, сондай-ақ жаңа белестерді бағындыруға мәжбүр етеді. Дау-ламайдан жалыққандар үшін бұл кезең жан тыныштығын әкелмек.

Бикеш

Туындаған мәселені шеше аласыз және қаржылық

жағдайды тұрақтандырасыз. Алайда жеке өмір мәселесінде сәттілік күтпейсіз, бәрі тек сіздің ниетіңіз бен әрекетіңізге байланысты болады. Егер бұрын жүзеге аспай жүрген істеріңіз болса, енді бәрі ойдағыдай іске асады. Театр мен кино, кескіндеме, музыка немесе мүсіндеу саласымен байланысты шабыт пен шығармашылық серпіліс береді.

Таразы

Апта шиеленісті. Көбіне әріптестердің жасаған ісіне және басы-лықпен түсінуі қиындықтарына байланысты. Егер сіз дағдарыстан шығып, байланыс орната аласыз, бәрі тез шешіледі. Апта ортасына қарай жағдай жақсара бастайды. Тіпті қысқа үзіліс жасап, демала аласыз.

Сарышаян

Сәттілік сіздің серігіңізге айналады. Астролог сізге барлық жаңа істерді бастауға, өз-өзіңізді жетілдіруге, үйлесімділікті іздеуге кеңес береді. Жеке өміріңізде қиындықтар туындауы мүмкін, бірақ жағдай қалыпқа түседі. Ең бастысы, үзілді-кесілді қарсы болмай, серіктесіңізді мұқият тыңдауға тырысыңыз.

Мерген

Өмір сүру салтын, жұмысты, қоршаған ортаны, тіпті киім үлгісін түбегейлі өзгертіңіз келеді. Мұның себебі — ұзаққа созылған күйзеліс. Бұл — кеудеден бір тас түсіргендей, эмоционалды ауырталықтан арылуың және жеңілдетудің бір түрі. Жеке өміріңіздегі өзгерістер оң болады. Қайғы мен қатты ойға берілуге уақыт болмайды, сондықтан алдампаңың.

Тауешкі

Апта мәлдір әрі шынайы махаббатқа толы. Еңбекқорлығыңызға байланысты апта сәтті өтеді. Ауылшаруашылық және қызмет көрсету саласындағы қызметкерлер ерекше жетістікке жетеді. Жұмыс бабындағы келіссөздер де сәтті болады. Ескі тапсырмаларды орындайтын кез келді. Барлық назарыңыз жұмысқа бағытталды.

Сұқұйғыш

Апта даулы болады. Алда үлкен күтпенен шығындар күтіп тұр. Негізгі қиындықтар қаржы саласымен байланысты, сондай-ақ жұмыста да қиындықтар туындауы мүмкін. Ал жеке өміріңізде жақсы жаңалық болады. Жалғызбастылар өмірлік серігін табады, ұзақ уақыт бойы қарым-қатынаста жүргендер жаңа деңгейге көшуге шешім қабылдайды.

Балық

Арман-мақсатыңыз орындалады. Соңғы оқиғалар сізге түзетулер енгізуге мүмкіндік беріп тұрғандар болашақты жоспарлауға қорықпайсыз. Туыстар мен қатынастар арасындағы қарым-қатынас шиеленісуі мүмкін. Мұның себебі — келіспеушілік. Ымыраға көлу жолын іздеген дұрыс. Сондай-ақ еңбектенуді ұмытпаңыз. Болашақ пен мансап туралы ойлану керек.

Бұл тілдегі орысша тілдегі

Біз балалық шақтан бері армандарымыздың орындалатынына сендік. Жыл сайын жаңа жылда Аяз атаға арнап хат жолдадық. Бір қызығы сондағы тілегіміздің барлығы ата-анамыздың көмегімен орындалып келді. Әдемі естелік. Міне, бүгінде балаңыздың арманы орындалатын тағы бір мүмкіндік пайда болды. «Менің арманым» жобасы Қазақстан бойынша жүзеге асуда. Мақсаты — ауыр науқасқа ұшыраған 3-14 жас аралығындағы балалардың қалауын орындау.

«Медицина жастары» қоғамдық бірлестігінің ұйыты болуымен былтыр 117 баланың арманы орындалған. Енді «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» гранты аясында жоба ауқымы кеңейіп, ол еліміздің 17 аймағында жүзеге аспақ. Жобаға мемлекет тарапынан 25 миллион теңге бөлінді. Жыл басынан бері 320 науқастан өтініш түскен. Ауыр дертке шалдыққан бүлдіршіндерге арманын онлайн тіркеу мүмкіндігі де бар.

«Біз акцентті жазылмайтын онкологиялық ауруларға, ДЦП және дауна ауруына, түрлі спастикалық және паралитикалық аурулары бар науқастарға қоямыз. Қосымша спонсорлар мен меценаттарды, басқа да ерікті, қайырымды жандарды жобамызға тартамыз», — деді «Медицина жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әбдірәш Абылайхан.

Аталған жобаны «Қазақстанның медициналық жастары» РҚБ Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен іске асыруда.

Жоба Сыр өңіріне де жетті. Қаладағы іргелі «Arag city mall» ойын-сауық орталығына барсаңыз, «Апта ағашын» көзіңіз шалады. Онда ілүлі тұрған конвертте кішкентай ғана бүлдіршіндердің тілегі жатыр. Аспазшы, биші, өзі ұнататын блогер, немесе тиктокермен кездесу сынды қалауы жазылған болу мүмкін. Сондай-ақ осы жоба арқылы ол эстрада жұлдызымен немесе танымал тұлғамен кездесу мүмкіндігіне ие болады. «Менің арманым» жобасында Нұр-Сұлтан немесе басқа да қалаларға бару тілектері де орындау қарастырылған. Балалардың тілегін бір ғана адам

орындай алады. Мәселен, әншімен кездескісі келді делік, балақайды қуанту тек өнішінің ғана қолынан келеді. Кез келген адам музыкалық аспап немесе басқа да сұраған заттарын алып беру арқылы қайырымдылық шараға атсалыса алады.

— Бастаманы біз де қолдап, атсалысу дұрыс деп шешім қабылдадық. Мүмкіндігінше жазылған тілектерді қадағалап, орындауға тырысамыз. «Балалар жылындағы» балалар тілегі орындалады деген сенімдемін, — дейді қалалық «Qosy!» «Жастар ресурстық орталығының» директоры Әліби Басаров.

М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

Көзеші редактор: Гүлдана ЖИМДИНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 17242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 7271
Тапсырыс: 1239